

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮШІНШІ ШЕТЕЛ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

Тіл — сол қоғамда өмір сүріп жатқан тұрғындардың өзара түсінудің басты құралы. Ағылшын тілін оқып-үйрену кез келген ұлт өкілінің ана тілін терең зерттеуге жол ашады, оның қолдану аясы мен табиғи аясы кеңейеді.

Ағылшын тілін меңгеруге бет алған адам өзіне жаңа біртұтас жол ашады. Басқа тілді үйрену жаңа бір құрлыққа алып баратын кеме секілді. Сондықтан да, бүкіл әлемнің зиялылары, ғалымдары ағылшын тілінің маңыздылығын мойындап отыр. Әрине ағылшын тілін білу тек зиялылықтың ғана көрсеткіші емес, кез келген маманның заман ағымының өсіп-өркендеуіне орай өз мамандығы саласында жан-жақты хабардар, еліміздің білікті де, білімді төл маманы болу үшін кәсіби мамандық бойынша арнайы ғылыми еңбектерді шетел тілдерінде оқып-үйренуінде. Және бұл бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені, жоғары білімді маман өзінің кәсіби мамандығы бойынша сол тілдегі ғылыми әдебиеттерді түпнұсқадан оқып-түсінуге, өзіне қажетті ақпарат алып, сөйлей алуы керек.

Елдегі қазіргі тілдік саясатқа жасалған талдау, оның кешенді сипатқа ие екендігін көрсетеді, онда саяси жандану, біртілділік, көптілділік пен интернационалдандыру элементтері бірігіп келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде саналы жандану саясаты ретінде мүмкіндік береді.

Көп тіл білу — өнер. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» деген ата-бабамыздан қалған сөз нақты осы уақытқа сәйкес келмек. Өзге елдің тілін үйрену жеке тұлғаның қалыптасуына, болашақта кәсіби мамандығына да сеп болады.

Сөз жоқ мемлекеттік тіл тұғыры әрдайым биік. Мемлекет тірегі — мемлекеттік тіл. Ұлт тілі мемлекеттік тіл ретінде ұлттың рухани байлығын сақтайтын, байытатын, дамытатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін қазына. Алдыңғы ұрпақ пен ата-бабаларымыз арасындағы рухани сабақтас-тығымызды жоғалтып алмас үшін, бүгінгі және ертеңгі ұрпақты ана тілі негізінде оқытуымыз қажет және ол оқытушылар мен ата-ананың міндеті. Б. Момышұлы айтқандай, тіл — қай халықтың бол-масын кешегі, бүгінгі тағдыры ғана емес, ертеңгі де тағдыры. Ұрпақ тәрбиесі тілден басталады. Тіл кез келген халықтың этникалық тарихи тегінің, ұлттық мәдениетінің құнары.

Ендеше ағылшын тілі жеке тұлғаның дамуында ерекше орын алады. Тілді қарым- қатынас құра-лы ретінде меңгере отырып, оны жетілдіріп, ұштай түсумен қатар, сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік секілді қасиеттерді тұлға бойына сіңіреді. Ағылшын тілін үйрену арқылы тұлға оқып отырған ел-дердің мәдени мұрасымен, халықтың салт-дәстүрімен, ғылым мен білім салаларының даму дәрежесімен танысады, рухани танымын кеңейтеді. Тіл білу жан-жақты білімді болу деген сөз. Заңгерлердің өз дәрежесінде тұлға болып қалыптасуы жан-жақты болуы, білімді болуы қоғамымыз-дың, өркениетіміздің болашақта дамуына, алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосылуына жол ашады.

Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайын ескерсек, отандастардың, тұлғаның мемлекеттік тілді игеруі — отаншылдық рухты көтеруге және сақтауға, ұлтты қалыптастыруға, ана тілді құр-меттеуге, оның әлемдік аренада қолданысқа шығаруына — өркениеттік шартты құбылыстарының қатарынан табылады. Ұлттық тілге мәртебе — шетел тілдерін оқыту арқылы да жүзеге асырылады. Ендеше біз ағылшын тілін оқыту арқылы ана тіліміздің тілдік, құрылымдық, мағыналық, мәдени

аспектілерін салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде ғана толық біле аламыз. Салыстырмалы зерттеу әдісі әлемдік тілдерді зерттеуде кеңінен қолданылып жүр. Ал ағылшын тілін қазақ тілімен салыстырмалы түрде оқыту - өзекті мәселе және міндет.